

**"2021-2022 оқу жылына жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы" Жамбыл облысы әкімдігінің 2021 жылғы 11 тамыздағы №180 қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

Жамбыл облысы әкімдігінің 2021 жылғы 28 желтоқсандағы № 310 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 29 желтоқсанда № 26216 болып тіркелді

Жамбыл облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "2021 - 2022 оқу жылына жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы" Жамбыл облысы әкімдігінің 2021 жылғы 11 тамыздағы №180 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №24285 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының 2-қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулының Жамбыл облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Жамбыл облысының әкімі*

*Б. Сапарбаев*

Жамбыл облысы әкімдігінің  
2021 жылғы 28 желтоқсандағы  
№ 310 қаулысына қосымша  
Жамбыл облысы әкімдігінің  
2021 жылғы 11 тамыздағы  
№ 180 қаулысына 2-қосымша

**2021-2022 оқу жылына жоғары оқу орнынан кейінгі (резидентура) білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы (жергілікті бюджет есебінен)**

			2021-2022 оқу жылына	Жылына 1 дәрігер-резидентке жұмсалатын шығыстардың орташа құны (теңге) күндізгі оқу
--	--	--	----------------------	---

№	Даярлау бағыттарының коды және сыныпталуы	Білім беру бағдарламасы тобының коды және атауы	мемлекеттік білім беру тапсырысының көлемі	ерекше мәртебесі бар жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары	басқа жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары
7R01 Денсаулық сақтау (медицина)					
1	7R011 Денсаулық сақтау	R 0 0 2 Ревматология ересектердің, балалардың	2	1939900	1398900
		R 0 0 3 Аллергология және иммунология ересектердің, балалардың	1	1939900	1398900
		R 0 0 4 Гастроэнтерология ересектердің, балалардың	1	1939900	1398900
		R 0 0 5 Гематология ересектердің	3	1939900	1398900
		R 0 0 7 Пульмонология ересектердің, балалардың	2	1939900	1398900
		R 0 1 3 Психиатрия ересектердің, балалардың	1	1939900	1398900
		R 0 1 7 Анестезиология және реаниматология ересектердің, балалардың	6	1939900	1398900
		R023 Балалар хирургиясы	2	1939900	1398900
		R024 Онкология ересектердің	5	1939900	1398900
		R 0 2 5 Травматология ортопедия ересектердің, балалардың	3	1939900	1398900
		R 0 3 1 Неонатология	2	1939900	1398900

	R 0 3 7 Неврология ересектердің, балалардың	4	1939900	1398900
	Барлығы	32		

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК